

Педагогика ғылымдарының кандидаты **Киясова К.К.**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бастауыш сынып оқушыларындағы тілдік кедергілерді олардың жас ерекшелігіне сай диалог құру арқылы, сұрақ-жауап арқылы, анкеталық сұрақтар арқылы, жазбаша эссе немесе тест арқылы анықтауға болады. Оқу процесінде деңгейіне қарап саралап оқыту және оқушы деңгейіне қарай тапсырма құрастыру тандем мұғалімдеріне жүктеледі.

Ағылшын тілі және бастауыш сынып мұғалімінің бірлескен қысқа мерзімді жоспарды құруы сынып оқушыларының тілдік кедергілерді шешуде маңызы зор болып табылады.

Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану балалардың пәнге деген, тілге деген қызығушылықтарын оятады.

Сауат ашу пәнінде «Полиглот», «Алфавит» әдістерінің ағылшын тілін меңгертуде маңызы зор. «Алфавит» әдісі бұл «миға шабуыл» бөлімінде үй тапсырмасын немесе өтілген тақырыптарды қайталауда қолданылады. Алфавиттегі кез келген әріп көрсетілуі мүмкін, бала сол әріпке өзі білетін сөздерді қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде айтып береді.

Ал, «Полиглот» әдісі жаңа тақырыптағы тірек сөздерді және үй тапсырмасын қайталауда жиі қолдануға болады. Тақырыпқа байланысты тірек сөздерді үш тілде атау мысалы, мектеп-школа-school орыс және ағылшын тіліндегі жаңа сөздермен танысуға жол ашады.

«Биопоэма» әдісі баланың өзі туралы ақпараттарды жеткізуіне ыңғайлы әдіс. Сонымен қатар, «Кемпірқосақ» әдісін көркем еңбек пәнінде жиі қолдануға болады бұл кемпірқосақтағы жеті түстің баланың үш тілде қазақ–орыс-ағылшын тілдерінде жеңіл меңгеруіне ықпал етеді.

Балалардың функционалдық сауаттылығын арттыруда және алғашқы сандарды меңгертуде «Баспалдақ», «Теңге алу» әдісінің маңызы зор. Мектепте, үйде баспалдақты тура және кері санап шығу не түсу сандарды жаттап алуға

жәрдемші болады. Мұны үш тілде қайталауға да болады. Бұл әдіс сандарды орыс-қазақ және ағылшын тілінде тура және кері санауға үйретеді. «Теңге алу» әдісі математика пәнінде ақша мен тиынды тани отырып, қажетіне жарата алатын болады. «Теңге алу» әдісінде монеталарды дүкендерде не мектеп асханасында қолданып, сатушылармен орыс және қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға дағдыланады.

Жаратылстану пәнінде «Жемістер мен көкөністер» әдісі арқылы балаларға көкөністер мен жемістердің атауын ағылшын тілінде үйретуге болады. Оқушылар орындықтарды шеңберлей отырады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды, сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын үш тілде атайды. Бұл әдіс те ағылшын тілінде балалардың жеміс пен көкөніс атауларын жаттап алуға септігін тигізеді.

Жаратылыстану пәнінде жиі қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі «Батискаф». Екі топ бір-біріне кезекпен сөздер жасырады. Топтың бір оқушысы қимылмен өз тобына жасырылған сөзді жеткізу керек. Аталған сөз қазақ–орыс – ағылшын тілінде дыбысталады.

Дүниетану пәнінде меңгерілген жаңа сөздерді қайталау мақсатында «Күншуақ» әдісін қолдана отырып, балалардың сөздік қорының қаншалықты артқанын көруге болады. Мұнда бала қаншалықты сөзді үш тілде көбірек жеткізсе, соншалықты күн сәулесі көбейіп күн ыстық бола бастайды. Әрбір сөзге бір күн сәулесі күннің суретінде артып отырады. Бұл баланың тілінің сөздік қорын байқауға және бағалауға таптырмас әдіс.

«Пирамида» әдісі әріп, сөз, сөйлемді меңгертіп жазуға ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы сөйлем құрамындағы сөздер санының артып отқандығын байқауға болады.

«Допты лақтыру» әдісінде мұғалім допты лақтырып сұрақ қояды. Допты қағып алған оқушы сұраққа жауап беріп, өзінің сұрағын қояды. Егер оқушы

сұраққа жауап бере алмаса, допты басқа оқушыға береді. Бұл әдіс жаңа тірек сөздерді қайталағанда оқушыны бағалауға, тілдік мақсаттардың орындалуына көмек береді. Бастауыш сынып оқушыларында бұдан да басқа түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Қорыта келе, тандем оқыту арқылы ұстаздар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, тәжірибе алмасу арқылы білім алушының білім сапасының артуына тигізер пайдасы орасан зор екенін көрсетеді. Ағылшын тілін бастауыш сынып пәндерімен кіріктіре тандем оқыту білім алушының сөздік қорының молайып, тіл байлығының артқанын және сонымен қатар тілдік пәндерде білім сапасының артқанына көз жеткізуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. -2016 ж.
2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану ерекшеліктері. -2018 ж.